

"Бизнес талдаушы" және "Жүйелік талдаушы" кәсіби стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 770/НҚ бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 56-7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Бизнес талдаушысы" кәсіптік стандарты;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Жүйелік талдаушы" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оны мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік бес күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрінің
міндетін атқарушы

А. Оразбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік

"Бизнес-аналитик" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандартты қолдану аясы: "Бизнес-аналитик" кәсіптік стандарты (бұдан әрі - Кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымының қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға және ұйымдар мен кәсіпорындарда персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге және өзінің кәсіби қызметінің мазмұнын бейімдеуге арналған.

2. Осы Кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) еңбек функциясы - еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

2) кәсіптік біліктілік - кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

3) кәсіптік стандарт - ресми және (немесе) бейресми және (немесе) ақпараттық білім беруді, біліктілік пен құзыреттілік деңгейін, кәсіптік қызметтің нақты саласындағы еңбек мазмұнын, сапасын және еңбек жағдайларын ескерумен білімге, іскерлікке, дағдыларға, жұмыс тәжірибесіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

4) контекст - өзгеріске әсер ететін, өзгерістің ықпалында болатын немесе өзгерісті түсінуге ықпал ететін мән-жайлар мен жағдайлар;

5) қажеттілік - қарауға жататын проблема немесе мүмкіндік. Қажеттіліктер өзгерістерді тудыруы мүмкін, бұл мүдделі тараптарды әрекетке итермелейді. Өзгерістер, өз кезегінде, қолданыстағы шешімдердің құнын төмендету немесе арттыру арқылы қажеттіліктерді тудыруы мүмкін;

6) өзгеріс - қажеттілікке жауап ретінде түрлендіру. Өзгерістің мақсаты - кәсіпорынның өнімділігін арттыру (ұйымның тиімділігі). Бұл жақсартулар әдейі жасалған және бизнесті талдау арқылы басқарылады. Өзгерістер ауқымды болуы

мүмкін, тұтастай алғанда ұйымның қызметін реформалаумен байланысты, сонымен қатар ұйымның кейбір бөлімшелеріндегі жекелеген бизнес-процестермен байланысты шағын болуы мүмкін;

7) шешім - белгілі бір контексте бір немесе бірнеше қажеттілікті қанағаттандырудың нақты тәсілі. Шешім мүдделі тараптардың алдында тұрған мәселені шешу немесе мүдделі тараптарға мүмкіндікті жүзеге асыруға мүмкіндік беру арқылы қажеттілікті қанағаттандырады.

Осы Кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

АҚ - ақпараттық қауіпсіздік;

АТ – ақпараттық технологиялар;

БА – біліктілік анықтамалығы;

БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

КС - кәсіптік стандарт;

МО - мемлекеттік орган;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Бизнес-аналитик

3512-1-002 АКТ пайдаланушысын қолдау жөніндегі консультант;

2523-0-002 Ақпараттық жүйелер әкімшісі;

2511-2-001 АКТ саласындағы бизнес-аналитик;

2511-2 АТ бойынша консультанттар мен бизнес-аналитиктер.4. Кәсіптік стандарт коды:

5. ЭҚЖЖ-ға сәйкес секцияны, бөлімді, топты, сыныпты және кіші сыныпты көрсету :

І Ақпарат және байланыс:

62 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе қызметтер;

62.0 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе қызметтер;

62.01 Компьютерлік бағдарламалау саласындағы қызмет;

62.02.2 Коммерциялық ақпараттық жүйелерді жоспарлау мен жобалау.

6. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: АТ жобаларын басқару және бизнес-аналитиканы жүргізу жөніндегі маманның кәсіби қызметі саласындағы, қолданыстағы стандарттардың талаптарына сәйкес болуы және сәйкес келуі тиіс білім мен дағдылар бөлігінде талаптарды белгілейді.

7. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

2) АКТ саласындағы бизнес-аналитик - СБШ 5-деңгейі;

3) АКТ саласындағы бизнес-аналитик - СБШ 6-деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

10. "АКТ саласындағы бизнес-аналитик" кәсібінің карточкасы:			
Топ коды:	2511-2		
Кәсіп атауының коды:	2511-2-001		
Кәсіп атауы:	АКТ саласындағы бизнес-аналитик		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгі біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: Орта білімнен кейінгі білім	Мамандығы: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Біліктілігі: есептеу техникасы
	Жоғары білім	АКТ-да бизнес-талдау жүргізу жөніндегі маман	Есептеу техниканың қолданбалы бакалавры
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	International Institute of Business Analysis сертификациясы - ECBA деңгейі және одан жоғары Project Management Institute сертификациясы - PBA деңгейі International Requirements Engineering Board сертификациясы - CPRE Business Architecture Guild сертификациясы - CBA деңгейі.		
Кәсіптің басқа да болуы мүмкін атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мүдделі тараптарға пайда әкелетін ұйымдарға өзгерістер енгізуді талдау және бизнес қажеттіліктерін анықтау		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бизнес-проблемаларды немесе бизнес-мүмкіндіктерді анықтау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Мүдделі тараптардың бизнес-қажеттіліктерін талдауды орындау; 2. Контексте талдау жүргізу; 3. Мүдделі тараптарды анықтау әдістерін пайдалану; ; 4. Мүдделі тараптармен кездесулер мен талқылау өткізуді жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу; 5. Тиімді коммуникациялар әдістерін пайдалану;	

1-еңбек функциясы: Бизнес-проблемаларды н е м е с е бизнес-мүмкіндіктерді анықтау	1-дағды: Бизнес-проблемаларды н е м е с е бизнес-мүмкіндіктерді анықтау.	6. Тәуекелдерді анықтау, тіркеу, талдау мен жіктеу және оларды азайту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу; 7. Бизнес-талдау ақпаратын жинау, жіктеу, жүйелеу және сақтау мен өзектендіруді қамтамасыз ету; 8. Таңдалған тәсілдерге сәйкес бизнес-талдау нәтижелерін рәсімдеу; 9. Бизнес-талдау ақпаратының элементтері арасындағы байланыс пен тәуелділіктерді анықтау; 10. Мүдделі тараптармен талқылау үшін бизнес-талдау ақпаратының бірнеше түрін құру; 11. Бизнес-талдау мақсаттары үшін қажетті көлемде ақпараттық технологияларды қолдану; 12. Ұйым қызметіне әсер ететін ішкі/сыртқы факторлар мен жағдайларды талдау; 13. Таңдалған тәсілдермен анықталған сапа критерийлері тұрғысынан мүдделі тараптардың талаптарын талдау; 14. Таңдалған тәсілдерге сәйкес талаптарды рәсімдеу; 15. Таңдалған тәсілдерге сәйкес талаптарды жіктеу; 16. Таңдалған тәсілдерге сәйкес талаптарды модельдеу; 17. Талаптарды рәсімдеуге таңдалған тәсілдерге сәйкес талаптарды құжаттау; 18. Таңдалған тәсілдерге сәйкес талаптардың атрибуттарын және олардың мәндерін анықтау; 19. Таңдалған тәсілге сәйкес талаптардың өзгеруін басқару; 20. Таңдалған критерийлер бойынша бизнес-талдау ақпаратының сапасын талдау; 21. Пәндік салаға талдау жүргізу; 22. Жұмыстардың функционалдық декомпозициясын орындау; 23. Жұмыстардың көлемі мен шекарасын модельдеу .
	Білу қажет: 1. Искерлік өзара іс-қимылда тұлғааралық және топтық коммуникация әдістемесін; 2. Шиеленістер теориясын; 3. Мүдделі тараптардың талаптарын басқару әдістерін, техникасын, процестері мен құралдарын; 4. Визуалды модельдеу тілдерін; 5. Тәуекелдерді басқару теориясын; 6. Ақпараттық жүйелер әдістемесін; 7. Бизнес-талдау міндеттерін шешу үшін жеткілікті көлемде пәндік саланы.	Білу қажет: 1. Искерлік өзара іс-қимылда тұлғааралық және топтық коммуникация әдістемесін; 2. Шиеленістер теориясын; 3. Мүдделі тараптардың талаптарын басқару әдістерін, техникасын, процестері мен құралдарын; 4. Визуалды модельдеу тілдерін; 5. Тәуекелдерді басқару теориясын; 6. Ақпараттық жүйелер әдістемесін; 7. Бизнес-талдау міндеттерін шешу үшін жеткілікті көлемде пәндік саланы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	-
		Машықтар:

2-дағды:
Ш ы н а й ы
бизнес-проблемаларды
н е м е с е
бизнес-мүмкіндіктерді
анықтау.

1. Шынайы бизнес-проблемаларды немесе бизнес-мүмкіндіктерді анықтау және құжаттау;
2. Анықталған бизнес-проблемаларды немесе бизнес-мүмкіндіктерді мүдделі тараптармен келісу;
3. Шешімдердің мақсатты көрсеткіштерін қалыптастыру;
4. Мүдделі тараптарды анықтау техникасын пайдалану;
5. Мүдделі тараптармен кездесулер мен талқылаулар өткізуді жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу;
6. Тиімді коммуникациялар техникасын пайдалану;
7. Тәуекелдерді анықтау, тіркеу, талдау мен жіктеу және оларды азайту жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу;
8. Бизнес-талдау ақпаратын жинау, жіктеу, жүйелеу мен сақтау және өзектендіруді қамтамасыз ету;
9. Таңдалған тәсілдерге сәйкес бизнес-талдау нәтижелерін рәсімдеу;
10. Бизнесі талдау ақпаратының элементтері арасындағы байланыс пен тәуелділіктерді анықтау;
11. Мүдделі тараптармен талқылау үшін бизнес-талдау ақпаратының бірнеше түрін құру;
12. Бизнес-талдау мақсаттары үшін қажетті көлемде ақпараттық технологияларды қолдану;
13. Ұйым қызметіне әсер ететін ішкі/сыртқы факторлар мен жағдайларды талдау;
14. Таңдалған тәсілдермен анықталған сапа критерийлері тұрғысынан мүдделі тараптардың талаптарын талдау;
15. Пәндік салаға талдау жүргізу;
16. Бизнес-проблемаларды немесе бизнес-мүмкіндіктерді анықтау мен жіктеу;
17. Мүдделі тараптармен талқылау үшін анықталған бизнес-проблемалар немесе бизнес-мүмкіндіктер туралы ақпараттың бірнеше түрін қалыптастыру;
18. Жұмыстардың функционалдык декомпозициясын орындау;
19. Жұмыстардың көлемі мен шекарасын модельдеу .

Білу қажет:

1. Іскерлік өзара іс-қимылда тұлғааралық және топтық коммуникация әдістемесін;
2. Шиеленістер теориясын;
3. Визуалды модельдеу тілдерін;
4. Тәуекелдерді басқару теориясын;
5. Жүйелер теориясын;
6. Бизнес-талдау міндеттерін шешу үшін жеткілікті көлемде пәндік саланы;

Дағдыны тану мүмкіндігі
:

-

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске төзімділік, сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас орнатуды білу, ұтымдылық, прагматизм, өзін-өзі дамытуға дайындық, беделді болу, сабырлық сақтау.		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:	
11. "АКТ саласындағы бизнес-аналитик" кәсіп карточкасы:			
Топ коды:	2511-2		
Сабақ атауының коды:	2511-2-001		
Кәсіп атауы:	АКТ саласындағы бизнес-аналитик		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгі біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандығы:	Біліктілігі:
	Жоғары білім (бакалавриат)	(Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	International Institute of Business Analysis сертификациясы - ССВА деңгейі және одан жоғары. Project Management Institute сертификациясы - PBA деңгейі International Requirements Engineering Board сертификациясы - CPRE Business Architecture Guild сертификациясы - CBA деңгейі.		
Кәсіптің басқа да болуы мүмкін атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өзгерістерді іске асырудың ықтимал жолдарын сипаттайтын бизнес-қажеттіліктерді анықтау және шешімдерді негіздеу арқылы мүдделі тараптарға пайда әкелетін ұйымда өзгерістер жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Шешімдерді негіздеу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Ықтимал шешімдерді қалыптастыру үшін бизнес-талдау ақпаратын анықтауды, жинауды және талдауды орындау; 2. Ықтимал шешімдердің сипаттамасын орындау;	

1-еңбек функциясы: Шешімдерді негіздеу	1-дағды: Шешімдердің анықталған нысаналы көрсеткіштері негізінде ықтимал шешімдерді қалыптастыру.	3. Тәуекелдерді анықтау, тіркеу, талдау мен жіктеу және оларды азайту жөніндегі іс- шаралар кешенін әзірлеу; 4. Таңдалған тәсілдерге сәйкес бизнес-талдау нәтижелерін рәсімдеу; 5. Бизнесі талдау ақпаратының элементтері арасындағы байланыс пен тәуелділіктерді анықтау; 6. Бизнес-талдау мақсаттары үшін қажетті көлемде ақпараттық технологияларды қолдану; 7. Ұйым қызметіне әсер ететін ішкі/сыртқы факторлар мен жағдайларды талдау; 8. Таңдалған тәсілдермен анықталған сапа критерийлері тұрғысынан мүдделі тараптардың талаптарын талдау; 9. Таңдалған критерийлер тұрғысынан шешімнің тиімділігін бағалау; 10. Таңдалған мақсатты көрсеткіштер тұрғысынан шешімді іске асырудың бизнес мүмкіндігін бағалау; 11. Жұмыстардың көлемі мен шекарасын модельдеу . Білу қажет: 1. Бағдарламаларды модельдеуді; 2. Визуалды модельдеу тілдерін; 3. Жүйелер теориясын; 4. Пәндік саланы көлемде, ақпараттық бағдарламаларда білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	-
	2-дағды: Талдау, негіздеу және шешім таңдауға қатысу.	Машықтар: 1. Шешімдердің мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізу тұрғысынан шешімдерді талдау; 2. Шешімдерді іске асыру үшін қажетті ресурстарды бағалау; 3. Әрбір шешімнің тиімділігін ресурстарды пайдаланудың күтілетін деңгейі мен күтілетін мән арасындағы қатынас ретінде бағалау; 4. Мүдделі тараптармен кездесулер мен талқылау өткізуді жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу; 5. Тиімді коммуникациялар әдістерін пайдалану; 6. Тәуекелдерді анықтау, тіркеу, талдау мен жіктеу және оларды азайту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу; 7. Таңдалған тәсілдерге сәйкес бизнес-талдау нәтижелерін рәсімдеу; 8. Бизнес-талдау ақпаратының элементтері арасындағы байланыс пен тәуелділіктерді анықтау; 9. Бизнес-талдау мақсаттары үшін қажетті көлемде ақпараттық технологияларды қолдану; 10. Ұйым қызметіне әсер ететін ішкі/сыртқы факторлар мен жағдайларды талдау;

		11. Таңдалған тәсілдермен анықталған сапа критерийлері тұрғысынан мүдделі тараптардың талаптарын талдау; 12. Таңдалған критерийлер тұрғысынан шешімнің тиімділігін бағалау; 13. Таңдалған мақсатты көрсеткіштер тұрғысынан шешімді іске асырудың бизнес-мүмкіндігін бағалау. Білу қажет: 1. Іскерлік өзара іс-қимылда тұлғааралық және топтық коммуникация әдістерін; 2. Шиеленістер теориясын; 3. Визуалды модельдеу тілдерін; 4. Бизнес-талдау ақпаратын жинауды, талдауды, жүйелеуді, сақтауды және жаңартып отыруды; 5. Бизнес-талдау мақсаттары үшін қажетті көлемде ұйымда қолданылатын ақпараттық технологияларды (бағдарламалық өнімдерді); 6. АҚ туралы білу; 7. Бизнес-талдау міндеттерін шешу үшін жеткілікті көлемде пәндік саланы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске төзімділік, сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас орнатуды білу, ұтымдылық, прагматизм, өзін-өзі дамытуға дайындық, беделді болу, сабырлық сақтау.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:		

4-тарау Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

16. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Орындаушы: Увалеев Ж.Е., zhake55@gmail.com, +7 (701) 522 80 28.

17. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

"Persona IT" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Басшы: Құлатаева А.К., aigerim@personait.kz, +7 (777) 012 77 88.

Орындаушы: Судников Н.Н., +7 (777) 041 38 54.

"Persona IT" ЖШС

Басшы: Оспанова Г.Ж., gaukhar.ospanova@personait.kz, +7 (777) 727 68 68.

18. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: Ақпараттық технологиялар саласындағы біліктілік жөніндегі салалық кеңес, 2023 жылғы 23 қарашадағы шығыс № 16361/28

19. Ұлттық кәсіптік біліктілік органы: 2024 жылғы 16 қаңтар.

20. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 2023 жылғы 4 желтоқсан

21. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 1-нұсқа, 2024 жыл.

22. Болжалды қайта қарау күні: 2027 жыл.

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің міндетін
атқарушының
2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 770/НҚ бұйрығына
2-қосымша

"Жүйелік аналитик" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Жүйелік аналитик" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымының қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға және ұйымдар мен кәсіпорындарда персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттердің шешімдеріне арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

2) жобалау – бұл объектінің бастапқы сипаттамасына және (немесе) оның жұмыс істеу алгоритміне немесе процестің алгоритміне немесе бастапқы сипаттаманы түрлендіру (кейбір жағдайларда бірнеше рет) процесі алгоритмі, объектінің берілген сипаттамаларын және оның жұмыс істеу алгоритмін немесе процесс алгоритмін оңтайландыру, бастапқы сипаттама мен процестің бұрыстығын жою және әртүрлі тілдердегі сипаттамаларды дәйекті түрде ұсыну (қажет болған жағдайда) негізінде әлі жоқ объектіні құру үшін қажетті сипаттаманы құру процесі;

3) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

4) логикалық жобалау – жүйенің бөліктері үшін технологияларды енгізу және таңдау бөлшектерінен бос жобалық шешімдерді әзірлеу. Жүйелік аналитиктердің көпшілігіне таныс инженерлік талаптардың көптеген талдау және жобалау әдістері логикалық деңгейде – дерексіз деректер ағындары, хабарламалар және нысан күйлері

деңгейінде жұмыс істейді. Қысқа итерациялық жобаларда абстракцияның осы деңгейін жобалау үшін орындаушыға тапсырма беру үшін пайдаланылатын жүйенің үздіксіз дамуын жүзеге асыру жеткіліксіз;

5) талап – объектінің қажетті (күтілетін) сандық немесе сапалық сипаттамасы немесе қасиеті, сондай-ақ байланысты шектеулер мен шарттар. Талаптар жүйені әзірлеушіні ең тиімді техникалық, техникалық-экономикалық және басқа шешімдерді іздеуде және жүзеге асыруда шектемеуі керек деген көзқарас бар;

6) тұжырымдамалық жобалау – жоспарға, мерзімдерге, жұмыс құнына, орындаушылардың әдістерін, құралдары мен рөлдерін таңдауға әсер ететін мақсатқа (тұжырымдамаға) қол жеткізудің ниетін, тәсілін және жолын сипаттайтын абстракцияның кез келген деңгейіндегі негізгі жобалық шешімдерді әзірлеу (жобалаудың бастапқы кезеңінде). Жиі кездесетін қате түсінікке қарамастан, тұжырымдамалық дизайн логикалық дизайнмен және техникалық шешімдерді әзірлеумен бір қатарда тұрмайды. Тұжырымдамалық дизайн логикалық дизайнмен және техникалық шешімдерді әзірлеумен бір қатарда тұрмайды. Тұжырымдамаға логикалық және техникалық (егжей-тегжейлі) шешімдер, егер олар нәтижеге айтарлықтай әсер етсе, сондай-ақ жүйені және оның мінез-құлқын емес, жүйенің ортасын, қызметін, мақсаттарын, проблемалары мен мүдделі тараптардың мүдделерін сипаттайтын, мақсатқа жетудің идеясын, тәсілі мен жолын көрсететін шешімдер кіреді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

АҚ - ақпараттық қауіпсіздік;

АТ – ақпараттық технологиялар;

БА – біліктілік анықтамалығы;

БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

КС - кәсіптік стандарт;

МО - мемлекеттік орган;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

ТКББ – техникалық және кәсіптік білім беру;

ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

2-тарау. Кәсіптік стандарт паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Жүйелік аналитик

4. Кәсіптік стандарттың коды:

5. ЭҚЖЖ-ға сәйкес секция, бөлім, топ, сынып және ішкі сыныпты көрсету:

J Ақпарат және байланыс:

62 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе көрсетілетін қызметтер;

62.0 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе көрсетілетін қызметтер;

62.01 Компьютерлік бағдарламалау саласындағы қызмет.

7. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы:

ақпараттық жүйелер мен цифрлық өнімдерді жобалау жөніндегі маманның кәсіби қызметі саласындағы талаптарды олардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде белгілейді: функционалдық, конструктивті құрылғы, жүйелік орта, автоматтандыру мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалану контексті, қолданыстағы стандарттардың талаптарына, білім мен дағдылар бөлігінде ие болуы және сәйкес келуі керек.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

- 1) Жүйелік аналитик – СБШ 4-деңгейі;
- 2) Жүйелік аналитик – СБШ 5-деңгейі;
- 3) Жүйелік аналитик – СБШ 6-деңгейі;
- 4) Жүйелік аналитик – СБШ 7-деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкасы

9. "Жүйелік аналитик" кәсібінің карточкасы:			
Топ коды:	2511-1		
Кәсіп атауының коды:	2511-1-002		
Кәсіптің атауы:	Жүйелік аналитик		
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	4		
С Б Ш бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіби білімнің деңгейі:	Білім деңгейі: ТКББ (орта буынның маманы)	Мамандық: Есептеуіш техника және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	Біліктілігі: -
Жұмыс тәжірибесіне талаптар:			

Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	International Institute of Business Analysis сертификациясы - деңгейі ECBA және жоғары. Project Management Institute сертификациясы – PBA деңгейі. International Requirements Engineering Board сертификациясы – CPRE.	
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Автоматтандыру мақсаттарына қол жеткізу үшін АТ-жүйелердің/өнімдердің және олардың компоненттерінің АТ-жүйелердің/өнімдердің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде жобалау талаптары мен шешімдерін әзірлеу процесінде жеке функцияларды техникалық жобалау.	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Мүдделі тараптармен жұмыс; 2. АТ-жүйеден/өнімнен немесе жеткізілім элементінен жобалау үшін бастапқы деректерді жинау; 3. Қабылданған техникалық шешімдерді ескере отырып, жеткізілім элементінің мінез-құлқы мен қоршаған ортамен өзара әрекеттесу алгоритмін сипаттау; 4. Жобалық талаптар мен шешімдерді іске асыру процесін талдамалық сүйемелдеу; 5. Жүйелік талдау ақпаратын ресімдеу, коммуникация және басқару.
	Қосымша еңбек функциялары:	
		Машықтар:
		1. Мүдделі тараптарды анықтау мақсатында контекстке, ұйымдық құрылымға, бизнес-процестерге талдау жүргізу; 2. Мүдделі тараптар туралы ақпаратты жинау және тіркеу; 3. Мүдделі тараптар туралы ақпаратты сақтауды ұйымдастыруды және оны өзекті күйде ұстауды жүзеге асыру; 4. Мүдделі тараптарды талдау және жіктеу; 5. Мүдделі тараптарды анықтау әдістерін пайдалану; 6. Тәуекелдерді анықтау, тіркеу, талдау мен жіктеу және оларды азайту бойынша шаралар кешенін әзірлеу; 7. Бизнес-талдау ақпаратын жинау, жіктеу, жүйелеу және сақтау мен өзектілендіруді қамтамасыз ету; 8. Таңдалған тәсілдерге сәйкес бизнес-талдау нәтижелерін рәсімдеу; 9. Бизнес-талдау ақпаратының элементтері арасындағы байланыстар мен тәуелділіктерді анықтау;
	1-дағды: Мүдделі тараптарды анықтау.	

1 еңбек функциясы: Мүдделі тараптармен жұмыс	10. Бизнес-талдау мақсаттары үшін қажетті көлемде ақпараттық технологияларды қолдану; 11. Ұйымның қызметіне әсер ететін ішкі/сыртқы факторлар мен жағдайларды талдау; 12. Мүдделі тараптардың қатысу дәрежесін талдау; 13. Таңдалған критерийлер бойынша бизнес-талдау ақпаратының сапасын талдау; 14. Пәндік салаға талдау жүргізу. Білу қажет: 1. Мүдделі тараптардың әдістемесін 2. Искерлік өзара іс-қимылдағы тұлғааралық және топтық коммуникация теориясын; 3. Шиеленіс теориясын; 4. Визуалды модельдеу тілдерін; 5. Тәуекелдерді басқару теориясы; 6. Жүйелер әдістемесі; 7. Ақпараттық бағдарламалардың пәндік саласын білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі: -
2-дағды: Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.	Машықтар: 1. Мүдделі тараптарды тарту және олармен ынтымақтастық стратегияларын әзірлеу; 2. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарларын әзірлеу; 3. Тараптарды ынтымақтастыққа дайындау (түсіндіру, оқыту); 4. Мүдделі тараптардың өзара іс-қимылын және мониторингін орындау; 5. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге байланысты тәуекелдерді басқару; 6. Мүдделі тараптармен кездесулер мен талқылауларды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу; 7. Тиімді коммуникация әдістерін пайдалану ; 8. Жұмыстың функционалды ыдырауын орындау; 9. Жұмыстың көлемі мен шекарасын модельдеу. Білу қажет: 1. Мүдделі тараптардың әдістемесін; 2. Искерлік өзара әрекеттесудегі тұлғааралық және топтық коммуникация әдістемесін; 3. Шиеленіс теориясын; 4. Визуалды модельдеу тілдерін; 5. Тәуекелдерді басқару теориясын; 6. Жүйелер теориясын; 7. Ақпараттық бағдарламалардың пәндік саласын.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
1-дағды: Құжаттар мен үлгілерді жинау.		Машықтар: 1. Құжаттарды, баспа нысандары мен шаблондарды жинауды жүзеге асыру; 2. Деректер үлгілерін жинауды орындау; 3. Бастапқы код үлгілерін жинауды орындау; 4. Скриншоттарды жинауды орындау; 5. Жиналған материалдардың тізілімін жүргізе отырып, үлгілерді сақтауды орындау; 6. Тапсырмаларды басқару жүйелерін пайдалану; 7. Іскерлік хат алмасуды жүргізу; 8. Іскерлік келіссөздер жүргізу; 9. Деректерге қол жеткізу, қарау және манипуляциялау құралдарын пайдалану; 10. Бастапқы кодты оқу және редакциялау; 11. Кестелік құжаттармен жұмыс жасау.
		Білуі қажет: 1. Реляциялық деректер қорын; 2. Деректердің негізгі форматтары мен құрылымдарын.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
2-дағды: Сұрақтарға жауап алу және хат алмасуда нақтылау.		Машықтар: 1. Сұрақтарды адресаттар, тақырыптар және басқа белгілер бойынша сұрыптау; 2. Сұрақтары бар хаттар мен хабарламалар жіберу; 3. Жауаптардың болуы мен толықтығын бақылау; 4. Сұрақтар мен жауаптарды сақтау және есепке алу; 5. Электрондық поштаны, тапсырмаларды басқару жүйелерін, мессенджерлерді пайдаланыңыз; 6. Іскерлік хат алмасуды жүргізу; 7. Жауаптың қисындылығын, толықтығын және егжей-тегжейлігін анықтау; 8. Электрондық кесте редакторларын пайдалану.
		Білуі қажет: 1. Күрделі жүйелерді жобалаудағы формалды логика; 2. Қарым-қатынас процес; 3. Контекстіні біріктіру әдістері, деректер жиынтығын сақтауға қызмет ететін деректер типі;
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
		Машықтар: 1. Сұрақнамаларды әзірлеу;

2 еңбек функциясы: Жүйеден/ өнімнен немесе жеткізілім элементінен жобалау үшін бастапқы деректерді жинау	3-дағды: Сауалнама жүргізу.	2. Респонденттерге қысқаша сұрау салуды қалыптастыру 3. Пікіртерім жүргізу; 4. Пікіртерім нәтижелерін сақтау; 5. Кестелік құжаттармен жұмыс жасау; 6. Онлайн-пікіртерім құралдарын пайдалану; 7. Іскерлік хат алмасуды жүргізу; 8. Іскерлік келіссөздер жүргізу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білу қажет: -
	4-дағды: Пайдаланушылардың автоматтандырылмаған және автоматтандырылған – жүйелер мен өнімдерде: аналогтарда, ауыстырылатын, дамитын немесе интеграцияланатын жұмысын зерделеу.	Машықтар: 1. Стандарттарды, регламенттерді, нұсқаулықтарды, әдістемелерді, нормативтік құжаттарды, жергілікті нормативтік құжаттарды зерделеуді орындау; 2. Экран жазбалары мен скриншоттарын талдау; 3. Жұмысты тікелей бақылау; 4. Пайдаланушылармен қызметтегі түсініксіз сәттерді нақтылау; 5. Пайдаланушының есеп-жұмыс сценарийін әзірлеу; 6. Қызметті құрылымдау; 7. Мәтіндік құжаттармен жұмыс жасау; 8. Кестелік құжаттармен жұмыс жасау; 9. Пайдаланушының сценарийлерін құру.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білу қажет: 1. Қызметтің метамоделін; 2. Қызметті мәтіндік, графикалық және кестелік сипаттау әдістерін.
	5-дағды:	Білу қажет: 1. Құжаттаманы, оқу материалдарын, білім базаларын және жүйе/өнім бойынша форумдарды зерделеуді орындау; 2. Жүйеде жұмыс істеу бойынша техникалық қолдау сервисін пайдалану; 3. Өнімді / жүйені серверге / жұмыс орнына орнатуды орындау; 4. Пайдаланушы әрекетінің сценарийлерін құру; 5. Пайдаланушы рөлінде сценарийлерді алдын ала қарап шығу; 6. Құрылғының, жүйенің және компоненттердің өзара байланысының сипаттамасын жасау; 7. Жүйенің жұмыс алгоритмдерінің сипаттамасын жасау; 8. Дербес компьютерді базалық деңгейде басқару;

Жүйелер мен өнімдердің құрылғысы мен жұмысын зерттеу: дамитын, аналогтар, ауыстырылатын немесе интеграцияланатын.	9. Серверді негізгі деңгейде басқару 10. Мақсатқа жету үшін қызметті жоспарлау; 11. Бағдарламалық және бағдарламалық-техникалық кешендердің құрылымын және олардың бөліктері арасындағы байланыстарды сипаттау; 12. Алгоритмдерді сипаттау; 13. Деректер құрылымын сипаттау. Білуі қажет: 1. Бағдарламалық және бағдарламалық-техникалық кешендердің құрылысы және жұмыс істеуі; 2. Жалпы операциялық жүйелердің құрылысы мен қызметі; 3. Қызметтің метамоделі; 4. Қызметті мәтіндік және кестелік сипаттау әдістері; 5. Алгоритмдерді сипаттау әдістері; 6. Деректер құрылымын сипаттау тәсілдері; 7. Деректердің негізгі форматтары мен құрылымдары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
6-дағды: Жүйелер мен өнімдердегі деректерді талдау: ауыстырылатын, интеграцияланатын, дамитын, аналогтар, соның ішінде автоматтандырылмаған ақпараттық жүйелер.	Машықтар: 1. Деректер массивтерін талдау; 2. Деректерді түрлендіру және зерттеуді орындау; 3. Қорытындылармен және деректер үлгілерімен есептер шығару; 4. Деректерге қол жеткізу, қарау, манипуляциялау және талдау құралдарын пайдалану; 5. Электрондық поштаны, тапсырмаларды басқару жүйелерін, мессенджерлерді пайдалану; 6. Іскерлік хат алмасуды жүргізу. Білуі қажет: 1. Реляциялық деректер базасы; 2. Деректердің негізгі форматтары мен құрылымдары; 3. Бағдарламалау тілдері, кітапханалар және деректерді басқару құралдары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Машықтар: 1. Материалдар мен сұрақтар тізілімдерінің толықтығын тексеру; 2. Материалдар мен сұрақтарды алдын-ала топтастыруды орындау; 3. Жиналған деректердің көлемі, толықтығы, сапасы, топтастырылуы туралы қорытындылармен есептер шығару;

	7-дағды: Жиналған бастапқы деректерді алдын ала жүйелеу және рәсімдеу.	4. Құжаттарды сақтауға арналған жүйеде қабылданбаған деректер пакеттерін немесе құрылымдарын қалыптастыру; 5. Кестелік құжаттармен жұмыс жасау; 6. Құжаттарды сақтау үшін файлдық қоймалар мен жүйелерді пайдалану; 7. Мәтіндік құжаттармен жұмыс жасау. Білу қажет: 1. Формалды логиканы; 2. Ақпаратты жіктеу және кодтау негіздерін.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	1-дағды: Қабылданған техникалық шешімдерді ескере отырып, жеткізілім элементінің мінез-құлқы мен қоршаған ортамен өзара әрекеттесу алгоритмін сипаттау.	Машықтар: 1. Жұмыс режимдерін, қоршаған орта элементтерін (рөлдер, іргелес жүйелер, компоненттер), интерфейстерді (бағдарламалық және пайдаланушы), жеке жұмыс сценарийлерін бөлектеу; 2. Ерекше жағдайларға талдау жасау; 3. Ерекшеліктер пайда болған кезде алгоритмнің балама жолдарының сипаттамасын орындау; 4. Мінез-құлық алгоритмін супержүйенің жұмыс істеу алгоритмімен салыстыру; 5. Бағдарлама-техникалық құралдардың жұмыс істеу алгоритмдерін сипаттау; 6. Деректер құрылымын сипаттау. Білуі қажет: 1. Бағдарламалық және бағдарламалық-аппараттық кешендердің құрылысы және жұмыс істеуі; 2. Процедуралық және объектіге бағытталған бағдарламалау тұжырымдамалары; 3. Тест-дизайнның негізгі әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	2-дағды: Қабылданған техникалық шешімдерді ескере отырып, жеткізу элементінің пайдаланушы интерфейстерінің эскиздері мен техникалық сипаттамаларын құру.	Білу қажет: 1. Интерфейс нобайларын жасау; 2. Өзара ісқимыл тілін формалдау және сипаттау; 3. Интерфейстің мінез-құлқының егжей-тегжейлі сипаттамасын әзірлеу; 4. Эскиздер мен сипаттамаларды мінез-құлық/өзара әрекеттесу алгоритмімен салыстырып-тексеруді жүргізу; Білуі қажет: 1. Пайдаланушы интерфейстері (соның ішінде графикалық) және оларды құру технологиялары туралы негізгі білім; 2. Эргономика туралы негізгі түсініктер;

3 еңбек функциясы: Қабылданған техникалық шешімдерді ескере отырып, жеткізілім элементінің мінез-құлқы мен қоршаған ортамен өзара әрекеттесу алгоритмін сипаттау		3. Процедуралық және объектіге бағытталған бағдарламалау тұжырымдамалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	3-дағды: Қабылданған техникалық шешімдерді ескере отырып, жеткізу элементінің бағдарламалық интерфейстерінің сипаттамасы.	Білуі қажет: 1. Интерфейс арқылы өзара әрекеттесу сценарийін бөлуді орындау; 2. Қоңыраулардың, қолтаңбалардың сипаттамасын және берілетін деректердің құрылымын әзірлеу; 3. Бағдарламалық интерфейстердің сипаттамасын мінез-құлық/өзара әрекеттесу алгоритмімен және деректер құрылымымен салыстыру; 4. Өзара әрекеттесу сценарийлерін әзірлеу.
		Білу қажет: 1. Процедуралық және объектілік-бағдарлық бағдарламалау тұжырымдамаларын; 2. Жүйелер мен компоненттердің өзара әрекеттесуі мен интеграциясының негізгі технологияларын; 3. Жүйелер мен компоненттердің өзара әрекеттесуін құру кезінде ақпаратты қорғау негіздерін; 4. Деректер құрылымын сипаттау тәсілдерін.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	4-дағды: Іргелес жүйелермен, ішкі жүйелермен немесе басқа жеткізу элементтерімен ортақ деректер құрылымдарының сипаттамасы.	Машықтар: 1. Деректер базасының тұжырымдамалық, логикалық және физикалық құрылымының сипаттамасын әзірлеу; 2. Объектілік-бағдарлық деректер құрылымының сипаттамасын әзірлеу; 3. Файл пішімінің сипаттамасын әзірлеу; 4. Хабарлама форматының сипаттамасын жасау; 5. Алгоритмдер мен интерфейстердің сипаттамаларымен мәліметтер құрылымын салыстыру.
		Білу қажет: 1. Деректер құрылымын сипаттау тәсілдерін; 2. Реляциялық деректер қорын; 3. Деректердің негізгі форматтары мен құрылымдарын.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
		Машықтар: 1. Жеткізу элементін әзірлеуге, нақтылауға және/немесе біріктіруге арналған есептерді тұжырымдау;

	5 дағды: Жеткізу элементін сатып алуға/әзірлеуге/біріктіруге қойылатын талаптарды әзірлеу және міндеттерді қою.	2. Талаптарды тұжырымдаудың толықтығы мен сапасын тексеруді орындау; 3. Жеткізу элементінің жұмысын модельдеуді орындау; 4. Қабылдау үшін кіріс және шығыс деректерінің мысалдарын дайындауды орындау; 5. Талаптарды әзірлеу.
		Білу қажет: 1. Формалды логиканы; 2. Талаптардың сапа атрибуттарын; 3. Тест-дизайнның негізгі техникасын; 4. Бағдарламалық қамтылым сапасының атрибуттары.
		Дағдыны тану мүмкіндігі: -
	1-дағды: Мүдделі тұлғалардың сұрақтарына жауаптар .	Машықтар: 1. Міндеттерді, сұрауларды және ақауларды басқару жүйелерін пайдалану; 2. Электрондық хат алмасуды жүргізу (пошта и мессенджерлер); 3. Шиеленісті келіссөздерде сындарлы диалог жүргізу; 4. Жобалық шешімдер мен талаптарды негіздеу; 5. Кестелік құжаттармен жұмыс жасау; 6. Міндеттерді басқару жүйелерін пайдалану ; 7. Білімді басқару жүйелерін қолдану. Білім: 1. Формалды логика; 2. Коммуникация процесі, контекст; 3. Контекстті біріктіру әдістері; 4. Сауатты техникалық тіл.
4 еңбек функциясы: Жобалық талаптар мен шешімдерді	Дағдыны тану мүмкіндігі: -	Машықтар: 1. Талаптарды моделдеу және есепке алу жүйелерін пайдалану; 2. Кестелік құжаттармен жұмыс істеу; 3. Жобалық артефактілермен талаптарды қамтуды талдауды орындау; 4. Міндеттерді басқару жүйелерін пайдалану ; 5. Білімді басқару жүйелерін пайдалану.
		Білу қажет: 1. Талаптар мен дизайн шешімдерінің толық және қосымша сипаттамасын түсіну; 2. Талаптарды жобалық артефактілермен жабуды талдау әдістері;
	2-дағды: Талаптар мен жобалық шешімдердің іске асырылу деңгейін қадағалау және мүдделі тараптардың деңгейін байланыстыру.	

іске асыру процесін талдамалық сүйемелдеу		3. Талаптар мен жобалық шешімдерді іздеудің байланыс түрлері мен схемалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	3-дағды: Жеткізу элементінің алдын ала қабылдау сынақтарын орындау.	Машықтар: 1. Анықталған ақаулар туралы есептерді ресімдеу; 2. Дайындық критерийлерін анықтау; 3. Қабылдау сценарийлерін жасау. 4. Міндеттерді, сұрауларды және ақауларды басқару жүйелерін пайдалану.
		Білуі қажет: 1. Тест-дизайнның негізгі техникалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	4-дағды: Іске асыруды қадағалау шеңберінде пайдаланушы және пайдалану құжаттамасын әзірлеу.	Машықтар: 1. Құжаттаманың құрылымын анықтау; 2. Құжаттаманы әзірлеуді орындау; 3. Құжаттаманы тестілеуді орындау; 4. Талаптарды және жобалық шешімдерді түзетуге міндеттер қоюды орындау; 5. Мәтіндік құжаттармен жұмыс істеу; 6. Білімді басқару жүйелерін пайдалану.
		Білу қажет: 1. Логикалық ойлау; 2. Коммуникация процесі, контекст; 3. Контексті біріктіру әдістері; 4. Сауатты техникалық тіл; 5. ҚР СТ, МемСТ талаптарымен танысу (Қазақстан Республикасының шегінде тауарлар мен қызметтерге бекітілген нормалар мен талаптар. МемСТ (Мемлекетаралық стандарт).
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	1-дағды: Фактілерді, талаптарды және жобалық шешімдерді іздеу, анықтау, жинау және талдау нәтижелерін ресімдеу.	Машықтар: 1. Сұхбат хаттамаларын ресімдеуді орындау; 2. Зерттеу туралы есепті рәсімдеуді орындау; 3. Мәтіндік құжаттармен жұмыс істеу; 4. Кестелік құжаттармен жұмыс істеу; 5. Электрондық презентациялармен жұмыс.
		Білу қажет: 1. Сауатты техникалық тілін; 2. Логикалық ойлауды.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
		Машықтар: 1. Талаптары немесе жобалық шешімдері бар құжатты/бөлімді ресімдеуді орындау; 2. Міндеттерді басқару жүйесінде хатты немесе тапсырманы орындау;

Еңбек функциясы 5: Жүйелік талдау ақпаратын ресімдеу, коммуникация және басқару	2-дағды: Өзірленген талаптар мен жобалық шешімдерді ресімдеу. 3-дағды: Келісуші және мүдделі тараптарға жобалық шешімдерді, талаптар мен өзгерістерді жеткізу.	3. Білімді басқару жүйесінде бетті ресімдеуді орындау; 4. Схемалар мен иллюстрацияларды ресімдеу; 5. Коммуникация талаптар және жобалық шешімдер үшін презентация рәсімдеуді орындау; 6. Жобалық шешімдердің алдыңғы нұсқаларына қатысты өзгерістерді бөлектеу және сипаттау; 7. Мәтіндік құжаттармен жұмыс істеу; 8. Кестелік құжаттармен жұмыс; 9. Электрондық презентациялармен жұмыс; 10. Электрондық поштаны, тапсырмаларды басқару жүйелерін, мессенджерлерді пайдалану; 11. Білімді басқару жүйелерін пайдалану; 12. Схемаларды құруға растрлық және векторлық графикалық редакторлар мен жүйелерді қолдану. Білу қажет: 1. Сауатты техникалық тіл; 2. Формалды логика; 3. Баяндау мен презентация логикасын құру бөлігіндегі риторика; 4. Үлкен құжаттарды құруды басқару әдістері; 5. Требования ҚР СТ, МЕМСТ (КҚБЖ) Құжаттарды ресімдеу бөлігіндегі талаптар; 6. Талаптар мен жобалық шешімдердің толық және қосымша сипаттамасын жасау. Дағдыны тану мүмкіндігі: - Машықтар: 1. Талаптар мен жобалық шешімдердің презентациясын өткізу; 2. Сауатты сөйлеу және жазу; 3. Презентация өткізу; 4. Искерлік хат алмасуды жүргізу. Білуі қажет: 1. Формалды логика; 2. Сауатты техникалық тіл; 3. Сөйлеу техникасы бөлігіндегі риторика. Дағдыны тану мүмкіндігі: -
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске төзімділік, сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас орнатуды білу, ұтымдылық, прагматизм, өзін-өзі дамытуға дайындық, беделді болу, сабырлық сақтау	
Техникалық регламенттер мен ұлттық		

стандарттардың тізімі:			
С Б Ш шеңберіндегі б а с қ а кәсіптермен байланыс:			
10. "Жүйелік аналитик" кәсібінің карточкасы:			
Топ коды:	2511-1		
Кәсіп атауының коды:	2511-1-002		
Кәсіп атауы:	Жүйелік аналитик		
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	5		
С Б Ш бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА және т.б. үлгілік біліктілік сипаттамалар ы бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:			-
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	Біліктілік: Есептеу техникасы және ақпараттық желілер қолданбалы бакалавры
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Информалды және формалды емес біліммен байланыс:	International Institute of Business Analysis сертификациясы – ECBA деңгейі және жоғары. Project Management Institute сертификациясы – PBA деңгейі. International Requirements Engineering Board сертификациясы - CPRE.		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:			

Қызметтің негізгі мақсаты::	Автоматтандыру мақсаттарына жету үшін АТ жүйелерінің/өнімдерінің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде АТ жүйелеріне / өнімдеріне және олардың компоненттеріне арналған жобалық талаптар мен шешімдерді әзірлеу процесінде логикалық-техникалық жобалау.	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
